

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 515 Заңы

Омбыда 2003 жылғы 15 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы КЕЛІСІМ *

***(2004 жылғы 4 наурыздан бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 10, 62-құжат, СІМ-нің ресми сайты)**

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасында және олардың аумақтары бойынша транзитпен автомобиль жолаушы және жүк қатынастарын өзара негізде дамытуға, сондай-ақ осы қатынастарды жеңілдетуге тілек білдіре отырып, мыналар туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімге сәйкес Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері арасында және олардың аумақтары бойынша транзитпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында немесе Ресей Федерациясында тіркелген автокөлік құралдарымен үшінші мемлекеттерге (мемлекеттерден) жолаушылар мен жүктердің тұрақты және тұрақты емес тасымалдары жүзеге асырылады.

2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

а) "құзыретті органдар":

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасының Көлік және

коммуникациялар министрлігі, ал 12-баптың 2-тармағына қатысты, сондай-ақ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

Ресей Федерациясында - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі, ал 7-баптың 1-тармағына және 12-баптың 2-тармағына қатысты, сондай-ақ - Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі.

Осы тармақта көрсетілген құзыретті органдар өзгерген жағдайда, жаңа құзыретті органдардың атаулары екінші Уағдаласушы Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы беріледі;

б) "тасымалдаушы" - Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген және осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жолаушылардың немесе жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын орындауға рұқсат етілген кез келген жеке немесе заңды тұлға;

в) "рұқсат" - бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы автокөлік құралының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүруіне (тура және кері қарай) құқық беретін құжат;

г) "арнайы рұқсат" - бір Уағдаласушы Тараптың тасымалдаушысына тиесілі ауыр салмақты, ірі көлемді немесе қауіпті жүгі бар автокөлік құралының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүруіне бір жолғы рұқсат, сондай-ақ бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына тиесілі жүгі немесе жолаушылары бар автокөлік құралының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші мемлекеттің аумағына немесе үшінші мемлекеттің аумағынан екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына жүруге (сол жаққа және кері қарай) бір жолғы рұқсат;

д) "автокөлік құралы":

жүктерді тасымалдау кезінде - жүк автомобилі, тіркемелі жүк автомобилі, автомобиль тартқышы немесе жартылай тіркемелі автомобиль тартқышы;

жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобус, яғни жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші орнын қоса алғанда, отыратын 9-дан артық орны бар автокөлік құралы, теңдеме жүкті тасымалдауға арналған тіркемесі болуы мүмкін;

меншік құқығында не жалға алу шарты немесе лизинг негізінде тасымалдаушының басқаруында болатын;

е) "шекара маңындағы қатынас" - Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы аумақтарында орналасқан елді мекендер арасындағы жолаушы қатынасы. Арасында шекара маңындағы қатынас жүзеге асырылатын елді мекендер тізбесін Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары белгілейді;

ж) "жолаушыларды тұрақты тасымалдау" - Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары арасында келісілген бағыт, кесте, тарифтер және тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу мен түсіруді жүргізетін аялдау пункттері бойынша жүзеге асырылатын жолаушыларды автобуспен тасымалдау;

- з) "жолаушыларды тұрақты емес тасымалдау" - автобустармен жолаушыларды тасымалдаудың барлық қалған түрлері;
- и) "санитарлық бақылау" - санитарлық, ветеринарлық, сондай-ақ фитосанитарлық бақылау.

3-бап

1. Жолаушыларды екі жақты шекара маңында және транзиттік қатынаста тұрақты тасымалдау Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары бағыттың олардың мемлекеттерінің аумағы бойынша өтетін учаскесіне берген рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары рұқсаттың шарттары мен қолданылу мерзімін, кестені, тарифтерді, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу мен түсіруді жүзеге асыратын аялдау пункттерін көрсету арқылы бағыт схемасын, сондай-ақ тасымалдаушылар жүріп өтуі тиіс мемлекеттік шекара арқылы өту пункттерін келіседі.

2. Жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру туралы өтінімді тасымалдаушы мемлекеттің аумағында тіркелген Уағдаласушы Тараптың құзыретті органы қарайды және де екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына жібереді.

3. Өтінім мен рұқсаттың нысандарын Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары белгілейді.

4-бап

Шекара маңындағы қатынастарда жолаушыларды автобустармен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары белгілейді.

5-бап

1. Жолаушылардың екі жақты және транзиттік қатынастағы тұрақты емес тасымалдары, осы баптың 2-тармағында көзделген тасымалдарды қоспағанда, рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне ақысыз негізде көрсетілген рұқсаттардың келісілген бланкілер санын береді. Бұл бланкілерде жауапты тұлғаның қолы мен рұқсатты берген құзыретті органның мөрі болуы тиіс.

2. Жолаушылардың екі жақты және транзиттік қатынастағы тұрақты емес тасымалдарын жүзеге асыру үшін, бір ғана құрамдағы жолаушылар тобы бір ғана автобуспен тасымалданғанда, бұл ретте:

а) сапар автобус тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында басталып және аяқталғанда ;

б) сапар автобус тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында басталып және де екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында аяқталғанда, автобус бұл аумақтан бос кеткен жағдайда рұқсат талап етілмейді;

в) автобус екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына, бұрын осы тасымалдаушы жеткізген жолаушылар тобын алу үшін барады.

3. Ақаулы автобусты басқа автобустен ауыстырған кезде де рұқсат талап етілмейді.

4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жолаушылардың тұрақты емес тасымалдарын орындау кезінде автобустың жүргізушісінде Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген, арнайы нысан бойынша жасалған жолаушылардың тізімі болуы тиіс.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасында немесе олардың аумақтары бойынша транзитпен жүктерді тасымалдау, ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасымалдау, сондай-ақ үшінші мемлекетке (мемлекеттен) тасымалдауды қоспағанда, бос автокөлік құралдарының жүруі рұқсатсыз жүзеге асырылады.

7-бап

1. Егер бір Уағдаласушы Тараптың мемлекеті тасымалдаушысының автокөлік құралының көлемдері, білікке түсетін салмақтық жүктемелері немесе салмағы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда, тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

2. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумағы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау 1957 жылғы 30 қыркүйектегі Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімге, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің осындай тасымалдарды реттейтін заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру көрсетілген Еуропалық келісімге немесе Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес арнайы рұқсаттың бар болуын талап еткен жағдайда, бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы оны екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органынан тасымалдауды жүзеге асыру басталғанға дейін алуы тиіс.

3. Егер осы бапта аталған арнайы рұқсаттар автокөлік құралының белгілі бағыт бойынша қозғалысын көздесе, онда тасымалдау осы бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

8-бап

Жүктерді осы Келісімнің негізінде тасымалдау көліктік жүкқұжаттарды ресімдеумен жүргізіледі, олар 1956 жылғы 19 мамырдағы Жүктердің халықаралық жол тасымалдары шарты туралы конвенцияның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

9-бап

1. Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің автокөлік құралдарында өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері болуы тиіс.

2. Жүк автомобильдері, автомобиль тартқыштары және автобустарда Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің тіркеу және айырым белгілері болған жағдайда, тіркемелер мен жартылай тіркемелерде басқа мемлекеттердің тіркеу және айырым белгілері болуы мүмкін.

10-бап

Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункттердің арасында жолаушылар мен жүктер тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

11-бап

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші мемлекеттің аумағына, сондай-ақ үшінші мемлекеттің аумағынан екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыра алады, егер ол осыған екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органының арнайы рұқсатын алса.

2. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары үшінші мемлекеттерге (мемлекеттерден) тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттар бланкілерінің келісілген санын бір-біріне ақысыз негізде береді. Бұл бланкілерде арнайы рұқсатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының қолы мен мөрі болуы тиіс.

12-бап

1. Автокөлік құралының жүргізушісінде ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және 1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы конвенциясының талаптарына сәйкес келетін автокөлік құралына арналған ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиіс.

2. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес талап етілетін рұқсат және басқа құжаттар

автокөлік құралын жүргізушіде болуы және құзыретті бақылау органдарының талабы бойынша көрсетілуі тиіс.

13-бап

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары, ақылы автомобиль жолдарын, автомагистральдарды, көпірлерді және тоннельдерді пайдаланғаны үшін алымдарды қоспағанда, егер мұндай алымдар кемсітпеушілік негізде Уағдаласушы Тараптардың екеуінің де мемлекеттері тасымалдаушыларының автокөлік құралдарынан да өндіріп алынуға жатса, осы Келісімнің шеңберінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде автокөлік құралдарын иеленуге немесе пайдалануға, екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің автомобиль жолдарын пайдалануға немесе күтіп ұстауға байланысты алымдар мен төлемдерден өзара негізде босатылады.

14-бап

1. Осы Келісімнің негізінде тасымалдарды орындау кезінде екінші Уағдаласушы Тарап мемлекеті аумағына әкелінген:

а) автокөлік құралының әрбір моделі үшін жасаушы зауыт көздеген, қозғалтқыштың қоректендіру жүйесімен технологиялық және конструктивті байланысқан сыйымдылықтардағы жанармай, сондай-ақ жасаушы зауыт тіркемелер мен жартылай тіркемелерде орнатқан және осы автокөлік құралының жылыту немесе салқындату қондырғыларының жұмысына арналған сыйымдылықтардағы жанармай;

б) тасымалдау уақытында автокөлік құралдарын пайдалану үшін қажетті мөлшердегі майлау материалдары;

в) халықаралық тасымалды жүзеге асырып отырған жолда зақымдалған автокөлік құралын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар кедендік алымдардан, салықтар мен баждардан өзара босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар кері әкетілуге жатады. Ауыстырылған қосалқы бөлшектер кері әкетуге немесе жоюдың кедендік режиміне немесе аумағында осы қосалқы бөлшектерге қатысты кедендік режимнің өзгерісі болған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге де кедендік режимге орналастырылуы тиіс.

15-бап

Осы Келісімнің негізінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау автокөлік құралдары иелерінің үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандырған жағдайда жүзеге асырылады. Тасымалдаушы

көрсетілген тасымалдарды орындайтын әрбір автокөлік құралын алдын ала сақтандыруға міндетті.

16-бап

Шекаралық, кедендік, көліктік және санитарлық бақылауға, сондай-ақ кедендік ресімдеуді жүргізуге қатысты Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері қолданылады, ал осы шарттармен реттелмеген мәселелерді шешу кезінде аумағында тиісті бақылау жүргізілетін Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасы қолданылады.

17-бап

Жедел медициналық көмекке мұқтаж тұлғаларды тасымалдау, жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдау кезінде, сондай-ақ жануарларды, тез бүлінетін және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде шекаралық, кедендік, көліктік және санитарлық бақылау кезектен тыс жүзеге асырылады.

18-бап

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары мен автокөлік құралдарының экипаждары, аумағы бойынша тасымалдау жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тарап мемлекетінің жол қозғалысы ережелері мен заңнамасын сақтауға міндетті.

19-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда, мемлекетінің аумағында автокөлік құралы тіркелген Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдары, мемлекетінің аумағында бұзушылық орын алған екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдарының өтініші бойынша мынадай шаралардың бірін қолдануға міндетті:

а) тасымалдаушыға ескерту жасау;

б) тасымалдаушыны бұзушылық жіберілген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тасымалдарды орындауға арналған құқығынан уақытша немесе толық айыру.

2. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары қабылданған шаралар туралы бір-бірін хабардар етеді.

3. Осы баптың ережелері бұзушылық жасалған мемлекеттің заңнамасында көзделген санкцияларды екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына және автокөлік құралының экипажына қолдануды жоққа шығармайды.

20-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндірумен және қолданумен байланысты туындауы мүмкін барлық даулы мәселелерді өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

21-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен реттелмеген мәселелер Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шешіледі.

22-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау және туындаған даулы мәселелерді шешу үшін Уағдаласушы Тараптар Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының өкілдерінен аралас комиссия құрады.

23-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

24-бап

1. Келісіммен бір мезгілде қол қойылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді қолдану туралы хаттама осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Осы Келісім мен Хаттамаға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің 25-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін хаттамалар түрінде ресімдейді.

25-бап

1. Осы Келісім дипломатиялық арналар арқылы оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетшілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалды және Уағдаласушы Тараптардың

бірі дипломатиялық арналар бойынша екінші Уағдаласушы Тарапты оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар еткен күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

2003 ж. 15 сәуір Омбы қ. екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды және екі мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының *Ресей Федерациясының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастар туралы
келісімді қолдану туралы
ХАТТАМА**

Омбы қ. 2003 ж. 15 сәуірде қол қойылған, бұдан әрі Келісім деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастар туралы келісімді қолдануға қатысты мынадай уағдаластыққа қол жеткізілді:

1. Келісімді орындау үшін Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары тұрақты жолаушы тасымалдарына мерзімі 5 жылға дейінгі рұқсаттар береді.

2. Арнайы рұқсаттың бланкісін:
Қазақстан Тарапы - қазақ және орыс тілдерінде;
Ресей Тарапы орыс тілінде жасайды.

Арнайы рұқсаттардың бланкілерінде бір жылға жасалған реттік нөмірлері, сондай-ақ рұқсаттарды берген Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының жауапты тұлғаларының қолдары мен мөрлері болуы тиіс.

3. Қауіпті, ауыр салмақты немесе ірі көлемді жүкті тасымалдауға бір Уағдаласушы Тарап мемлекеті тасымалдаушысының осы жүктерді екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші мемлекетке (мемлекеттен) тасымалдау кезінде арнайы рұқсат алуы, аталған тасымалдаушыны екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органынан үшінші мемлекетке (мемлекеттен) тасымалдауды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат алу қажеттігінен босатпайды.

4. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің орындалу барысы, халықаралық автомобиль тасымалдарымен, Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің салық және кеден алымдарымен байланысты заңнамадағы өзгерістер, өткен жылдағы тасымалдардың жай-күйі, мемлекеттік шекара арқылы өткізу

пункттерінің жұмыс режимдері және тасымалдарды жетілдіруге бағытталған басқа да мәселелер туралы бір-бірін хабардар ететін болады. Көрсетілген ақпарат осы Келісімнің өзгерісі болып табылмайды.

2003 ж. 15 сәуір Омбы қ. екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды және екі мәтіннің күші бірейді.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының *Ресей Федерациясының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*